

Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық департаментінің құрамына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 1998 ж. 07.10. N 210 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 ж. 12.18. N 45 тіркелінді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 16 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007.05.24 N 16 Шешімімен

Қазақстан Республикасының тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі Министрдің 29.06.1998 ж. N 138 "Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі жергілікті органдардың бөлімшелерінің типтік /мүшелік/ құрылымдарына өзгерістер енгізу туралы" Бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің 13.08.1998 ж. N 20-23/6475 тапсырмасын /ережесін/ және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19.02.1998 ж. N 119 P980119_ Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылғы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын орындау үшін облыс әкімі шешім шығарды:

1. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі департаменттің 01.01.1998 ж. штаттық саны ұсынылған құрылымға сәйкес, облыстық бюджеттен қаржыландыратын 70 бірлік бекітілсін.

2. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі департаментінің жанынан құрылымдық бөлімше құқындағы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету орталығын құрсын.

3. Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету орталығы туралы қағидасын 1 қосымшаға сәйкес бекітсін.

4. Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарды әлеуметтік қорғау еңбек жөніндегі департаментінің құрылымын 2 қосымшаға сәйкес бекітсін.

5. Облыс әкімінің 1996 жылғы 29 мамырдағы N 118 "Тұрғын үйді ұстау және тұрғын үй коммуналдық қызметтердің жаңа төлем жүйесіне кезең-кезеңмен көшу туралы" шешімінің 6.1. пунктін және жоғарыда көрсетілген шешімнің 2 қосымшасына сәйкес тұрғын үй жөніндегі жәрдемақы қызметінің нұсқаулық ереже қызметін белгілесін.

6. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі қалалық бөлімдердің тұрғын үй жөніндегі жәрдемақы орталығының қызметкерлер санының лимитін

Көкшетау қаласы бойынша - 3 бірлік, Петропавл қаласы бойынша - 5 бірлік
ж і б е р с і н .

7. Петропавл, Көкшетау қалаларының және облыс аудандарының әкімдеріне 31.02.1998 жылға дейінгі мерзім ішінде қызметкерлер санының лимитін, тұрғын үй жөніндегі жәрдемақыны төлеу жөніндегі таратылатын орталықтың істерін және мүлкін басқару жөніндегі өкілетін жібере отырып, тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі аудандық және қалалық бөлімдер жанынан тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету орталығын құрсын. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі облыстық департаментпен бірлесе отырып, тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету орталығының құрылымының, оларға штаттық бірлік, функция және тұрғын үй жөніндегі жәрдемақы төлеу жөніндегі таратылатын орталықтың істерін және мүлкін басқару жөніндегі өкілетті бере отырып әзірлесін және бекітсін.

Тұрғын үй жөніндегі жәрдемақының таралатын орталығы қызметкерлерін, сондай-ақ тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек жөніндегі аудандық және қалалық бөлімдерін босату қолданылып жүрген заңның талаптарына сәйкес жүргізілсін.

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары В.П.Никандровқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің

1998 ж. 7 қазанындағы N 210

шешіміне 1 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының халыққа
әлеуметтік көмек көрсету орталығы туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету орталығы /ілгеріде орталық/ Солтүстік Қазақстан облысының еңбек және халыққа әлеуметтік көмек департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және облыс тұрғындарына мекен-жайлық әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қызметін жүзеге асырады.

2. Орталықтың құрылымдық және штаттық саны Қазақстан Республикасының еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігімен келісу бойынша

облыс әкімінің анықталады және бекітіледі.

3. Орталықты ұстау шығысы мен материалдық техникалық жабдықтауды қаржыландыру облысты бюджет қаржысының есебінен жүзеге асырылады.

2. Орталықтың негізгі қызметтері

4. Орталықтың негізгі қызметі болып мыналар табылады:
заңдарға сәйкес тұрғындарға мекен-жайлық әлеуметтік көмек көрсету

бөлігінде азаматтардың әлеуметтік құқын қамтамасыз ету;

тұрғындарға мекен-жайлық әлеуметтік көмек көрсетуде мемлекеттік әлеуметтік саясаты жүзеге асыру;

әлеуметтік көмекті керек ететін адамдардың құрамын анықтау;

жеңілдікке құқы бар азаматтарға, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды керек ететін азаматтар мен отбасыларға жеке есеп жасау;

аз қамтамасыз етілген азаматтар мен отбасылардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;

жеңілдік беруге байланысты мәселені шешуді;

жеңілдікке құқы бар азаматтардың жеңілдіктерін ақшалай төлеуді;

біржолғы төлемді, ақшалай өтемді белгілеу және жүзеге асыру мәселесін шешу;

балалары бар аз қамтамасыз етілген отбасыларға жәрдемақы белгілеу және төлеу;

тұрғын үйлік жәрдемақыны белгілеу және төлеу;

жерлеу жәрдемақысын белгілеу және төлеу;

мүгедектік жөніндегі, асыраушысынан айырылғандығы жөніндегі, жасы жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу;

аймақтық деңгейде бекітілген басқа әлеуметтік көмек түрлерін көрсету;

аймақтық деңгейдегі тұрғындарға әлеуметтік көмек бағдарламасын жүзеге

асыру және әлеуметтік қорғаудың республикалық бағдарламасына ұсыну;

орталық құзыретке жататын мәселелер жөнінде азаматтарда қабылдау және кеңес беру;

әлеуметтік көмек алуға үміттенетін азаматтардың ұсынысын, өтінішін және арызын қарау және қажетті шаралар қабылдау;

мемлекеттік әлеуметтік көмекке құқылығын растайтын, өтінушімен ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру;

отбасына тиесілі жәрдемақының сомасын есептеу;

шығыстарды жабуға ақшалай қаржының қажеттілігін болжамдау;

жоғары ұйымдарға мемлекеттік есеп және ақпараттық құжаттарды ұсыну;
бар заңдарға сәйкес азаматтарға ұсынылған әлеуметтік көмектің түрлері
туралы халыққа ақпарат беру;

қайырымдылық қормен жұмыс.

3. Халыққа әлеуметтік көмек орталығының құқы мен міндеттері

5. Орталық жүктеген қызметті атқару үшін мынандай құқы бар:

оған жүктелген қызметті жүзеге асыру үшін қажетті анықтамалық,
нормативтік және басқа да құжаттарды өзінен жоғарғы ұйымдармен және
жергілікті атқарушы органдармен бекітілген тәртіпте талап етуге және алуға;

әлеуметтік көмекті талап ететін үміткерлерден, жеңілдіктер беруге және
жәрдемақы тағайындау үшін заңдылыққа сәйкес құжаттарды талап етуге;

жеңілдік алуға және жәрдемақы берілетін үміткерлердің ұсынған
мәліметтерін, көшірмелерін, ПИК басшыларымен, басқа да мүмкін болған
хабарлаушылармен кездесу және әңгімелесу жолымен тексеруге;

мына азаматтардың ақшалай төлемдерін тоқтата тұруға және бұзуға:

1) біле тұра дәйексіз құжаттар бергендерге;

2) үш ай ішінде тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке фактіге
негізделген шығысты төлемегендерге;

төмендегі орталықтардың қызметіне жалпы басшылықты іске асыруға;

арызданушының ұсынған құжаттарының дұрыстығын тексеруге, кірісі
туралы ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеруді іске асыруға. Кіріс туралы
ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын тексеру, кіріс алатын жер бойынша
ұйымға ресми талап етуді рәміздеу жолымен жүзеге асырылады.

4. Орталықтың қызметін ұйымдастыру

6. Орталықтың қызметін еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау

жөніндегі департамент бастығының қызметіне тағайындалатын бастық
басқарады

/бір мезгілде еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау департаменті
бастығының орынбасары болып табылады/.

7. Орталықтың бастығы орталыққа жүктелген міндеттер мен қызметтердің
орындалуына арнайы жауапкершілікті атқарады, өз құзіреті шегінде.

8. Орталықтың қызметі нәтижесінде пайда болған ұрыстар орнатылған
заңды тәртіпте шешіледі.

Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау

мәселесі жөніндегі үйлестіру кеңесі

Төрағасы - еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау
мәселесі жөніндегі департаментінің бастығы

Төраға орынбасары - еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау
мәселесі жөніндегі департамент бастығының
бірінші орынбасары

Кеңес мүшелері - облыстық жұмыспен қамту орталығының бастығы

- зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік
орталықтың облыстық филиалының директоры
- еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау
мәселесі жөніндегі департамент бастығының
орынбасары, халыққа әлеуметтік көмек
орталығының бастығы
- облыстық жұмыспен қамту орталығы бастығының
орынбасары
- облыстық жұмыспен қамту орталығының бөлім
бастығы
- зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік
орталықтың облыстық филиалы директорының
орынбасары
- зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік
орталықтың облыстық филиалының бөлім
бастығы

Барлығы: 9 адам

Облыс әкімінің
1999 ж. 7 қазандағы N 210
шешіміне 2 қосымша

Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі
облыстық департаментінің құрылымы

1. Департамент бастығы
2. Департамент бастығының орынбасары
3. Департамент бастығының бірінші орынбасары
4. Департамент бастығының орынбасары, халыққа әлеуметтік көмек

орталығының бастығы

5. Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі 6 адам, соның ішінде ведомство аралық мекемелер жөніндегі сектор 3 адам
6. Қаржылық жоспарлау және талдау бөлімі 4 адам
7. Әлеуметтік сақтандыру қорының секторы 3 адам
8. Ақпараттық технология және компьютермен қамтамасыз ету бөлімі 4 адам
9. Ұйымдық-бақылау және әкімшілік-шаруашылық жұмысы бөлімі 8 адам
10. Интернат үйлері
11. МСЭК
12. Еңбектің мемлекеттік инспекциясы бөлімі 16 адам
13. Құқықтық жұмыс секторы 5 адам
14. Еңбекті қорғау секторы 9 адам
15. Өмір, еңбек ақысы, әлеуметтік партнерлік және жұмыспен қамту деңгейінің бөлімі 7 адам
16. Жұмыспен қамту секторы 3 адам
17. Құқықтық кеңес және талаптық-қуыным жұмыстары секторы 3 адам
18. Кадрлармен жұмыс жөніндегі бас маман 1 адам
19. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға жәрдемақы тағайындау және төлеу бөлімі 5 адам
20. Мүгедектігі жөніндегі, асыраушысынан айырылғандығы жөніндегі, жасы жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау және төлеу бөлімі 5 адам
21. Мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі бөлім 5 адам

Барлық штат: 70 адам